

Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімиятының 2004 жылғы 31 наурыздағы N 97 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 20 сәуірде N 1247 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 396 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2007.12.12 N 396 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1991 жылғы 21 маусымдағы N 166 "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңдарына сәйкес Созақ аудандық әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесі бекітілсін. (қосымша).

2. Созақ аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі (Қ. Еспенбетов) осы қаулымен бекітілген ережеге сәйкес үйде тәрбиеленіп оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындауды және төлеуді жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы облыстық Әділет департаментінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Еденбаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Созақ	аудандық	әкімиятының
31	наурыз	2004 жылғы
тәрбиеленіп	және	оқып
мүгедек	балаларға	әлеуметтік
тағайындау	және	төлеу
тұралы" N 97 қаулысымен бекітілген қосымша	ережесін	бекіту

Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу Ережесі

Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесі (бұдан әрі-Ереже) үйде тәрбиеленіп және оқып

жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек жәрдемақы ретінде беріледі.

2. Балаларға жәрдемақы отбасының кірісіне және басқа да әлеуметтік көмек алатынына қарамастан жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен ақшалай түрде орта мектептегі оқу жылы аяқталғанша төленеді.

3. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балалардың әлеуметтік көмек алу құқығы бір рет оқу жылындағы тиісті құжаттарды өткізумен анықталады.

2. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

1. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау ата-аналардың біреуінің немесе оларды алмастырушы тұлғаның арнайы үлгіде толтырылған өтініші (Ережеге 1 қосымша) бойынша Созақ аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінде (бұдан әрі-уәкілетті орган) құрылатын комиссияның арнайы нысандағы шешімі (Ережеге 2 қосымша) негізінде тағайындалады.

2. Комиссияны уәкілетті органның басшысы құрады. Комиссия төрағадан және комиссия мүшелерінен тұрады. Уәкілетті органның басшысы комиссияның төрағасы болып табылады.

3. Тұлғаның өтінішіне облыстық білім департаментінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогтық кеңес беру комиссиясы берген мүгедек баланы үйде оқыту қажеттігі туралы анықтама, бала жасынан мүгедек баланы үйде оқыту жөніндегі аудандық білім бөлімінің бұйрығы мен мектептен анықтама, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі және тұрғылықты жерінің берілген анықтама, өтініш берушінің жеке куәлігінің, салық төлеушінің тіркеу нөмерінің (бұдан әрі-СТТН) және жеке әлеуметтік кодының (бұдан әрі-ЖӘК) көшірмесі тіркеледі.

4. Ұсынылған құжаттардың толықтылығы мен нақтылығына өтініш беруші заңда көрсетілген негіздер бойынша жауап береді.

5. Комиссия құжаттарды тіркейді және өтініш берушіге құжаттарды тіркегені туралы түбіршек береді.

6. Комиссия құжаттарды қабылдағаннан кейін 10 күн ішінде үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаға әлеуметтік көмектің тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тартқаны туралы шешімін шығарып, бас тартылған жағдайда оның себебі көрсетілген жазбаша ескерту береді. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау немесе бас тарту туралы шешімге комиссия төрағасы және тағайындаған маман қол қояды.

7. Комиссия шешіміне сот тәртібімен шағымдануға болады.

8. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау табысына қарамастан, жылдың басынан, оны алу үшін өтініш берген айдың оқу жылы аяқталғанша жүзеге асырылады. Әлеуметтік көмек арыз берген а й д а н б а с т а п с а н а л а д ы .

9. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің айлық мөлшері зейнетақы, жәрдемақы және басқада әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін тиісті жылдың бюджетінде бекітілген айлық есептік көрсеткіштің сомасы мөлшерінде бекітіледі.

10. Жәрдемақы тағайындау мен төлеу оны тоқтатылған себепке байланысты туындаған тоқсаннан бастап тоқтатылады.

3. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек төлеу тәртібі

1. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға әлеуметтік көмек төлеу өтініш берушінің таңдауы бойынша халықтық банктің филиалы арқылы не өзі таңдаған банктегі немесе Қазақстан Республикасының ұлттық банкісінің банкілік операциялардың тиісті түрлерін орындауға лицензиясы бар ұйымдағы бет есептің реквизиттері көрсетілген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

2. Алушының бет есебі тағайындалған сомаларды аудару қаржының түсуіне байланысты жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган комиссия шешімінің негізінде тағайындалған әлеуметтік көмектің сомалары көрсетілген тізімді жасайды. Аудандық қаржы бөліміне ай сайын сұранымды тапсырады. Аудандық қаржы бөлімі аталған қаражаттарды уәкілетті органның арнаулы есебіне аударады, өз кезегінде уәкілетті орган көмек алушының екінші деңгейдегі банк бөлімшесінің немесе Қазақстан Республикасының ұлттық банкісінің банкілік операциялардың тиісті түрлерін орындауға лицензиясы бар ұйымдағы жеке бет есебіне аударады.

4. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан мүгедек балаларға берілетін әлеуметтік көмекті қаржыландыру көздері

Төлемді қаржыландыру аудандық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Үйде	тәрбиеленіп	және	оқып	жатқан
мүгедек	балаларға		әлеуметтік	көмек
тағайындау	және		төлеу	ережесіне
1 қосымша				

(тұрғылықты	жері,	облыстық	аудандық)	
Еңбек	және	халықты	әлеуметтік	қорғау
жөніндегі		уәкілетті		органға

(көшесі, үй және телефоны, мекен
жайы бойынша тұратын)

(өтініш иесінің аты, әкесінің аты, тегі)

Жеке куәлігінің-----

-----берген

берген күні -----

ӨТІНІШ

Менің үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан----- мүгедек
балама әлеуметтік көмек тағайындауын сұранамын.
Өтінішке белгіленген қажетті құжаттарды ұсынамын.
Өзгеріс пайда болған жағдайда олар туралы кғ күн ішінде хабарлауға міндеттімін

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін
жауапқа тартылатыным туралы ескертілдім.

200__ж. "____" _____
/өтініш иесінің қолы/

Құжаттар қабылданды

200__ж. "____" _____
/құжаттарды қабылданған адамның қолы А.Ә.Т. және қолы/

Отбасының тіркеу нөмірі

(қию сызығы)

Өзгеріс пайда болған жағдайда олар туралы үш күн ішінде хабарлауға
м і н д е т т і м і н .

Жалған ақпарат және расталмаған (жасанды) құжаттарды ұсынғаны үшін
жауапқа тартылатыным туралы ескертілдім.

өтініш иесінің қолы _____

Тіркеу нөмірі _____ өтініш 200____ жылғы "____" _____

қ а б ы л д а н д ы .

Құжаттарды қабылданған адамның А.Ә.Т., лауазымы, қолы _____

Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан
мүгедек балаларға әлеуметтік көмек
тағайындау және төлеу ережесіне

2 қосымша

Уәкілетті орган
шешімінің нысаны

Созақ аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі
_____ мекен жайы бойынша тұратын өтініш
иесі _____ 200 _____ жылғы _____ тіркеу N _____
тапсырған құжаттарын 200 _____ жылғы _____ қарап.

N _____ ШЕШІМ қабылдады.

1. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан _____ мүгедек балаға
жалпы сомасы _____ теңге әлеуметтік көмек тағайындалсын.

_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
_____ үшін _____ теңге	(а й)
(ай)	

2. Үйде тәрбиеленіп және оқып жатқан _____
Мүгедек балаға _____

_____ себептер бойынша әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тартылсын.

Меңгеруші _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

Тағайындаған маман _____
(қолы) (аты-жөні, тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК